

ЖАН КҮЙЗЕЛІСІ ЖАҒДАЙЫНДА КІСІ ӨЛТІРУДІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі таңда жан күйзелісі жағдайында кісі өлтіру тақырыбының өзектілігі, Қазақстан Республикасында күрделі қылмыстылық жағдайы сақталып келуімен түсіндіріледі. Жан күйзелісі жағдайында кісі өлтірудегі медициналық және заңды аспектілерге қатысты жан күйзелісінің бар екендігін айқындауға мүмкіндік беретін зорлық пен субъектінің құқыққа қайшы әрекетін анықтау туралы мәселе маңызды болып отыр. Қылмысты дәрежелеу, ал ең негізгісі жан күйзелісінде қылмыс жасаған тұлғаның қылмыстық жауаптылыққа тартылуы, сонымен бірге кінәлінің тағдыры осы мәселені дұрыс шешуге тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 98-бабын дұрыс қолдануға, ауыр жан күйзелісі пайда болған кезде және қылмыс жасауға қатысты қасақаналық туралы мәселелерді шешу маңызды рөл атқарады. Осы мәселеге қатысты заң әдебиеттерінде көптеген төмендегідей пікірлер келтірілген.

М. К. Анианцтың пікірі бойынша, кісі өлтіруді осы баппен дәрежелеуде ауыр жан күйзелісінің жағдайы аяқ асты пайда болуы керек және жәбірленушінің күш қолдануынан, қорлауынан немесе ауыр балағаттауынан кейін қылмыс жасауға деген қасақаналық дереу жүзеге асуы тиіс. Егер ауыр жан күйзелісі жағдайы мен кісі өлтіруге қасақаналық аяқ асты пайда болып, бірақ кінәлінің қайта ойлануына мүмкіндік беретін уақыт өткеннен кейін қасақаналық жүзеге асырылса, онда мұндай кісі өлтіру Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 96-бабымен дәрежеленеді.

Қазақстандық заң шығарушылар бұрынғы КСРО-ның Қылмыстық кодексіне қарағанда іс жүзіндегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің тиісті нормасына жәбірленушінің жүйелі түрде заңға қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психиканы бұзатын жағдай сияқты қылмыс құрамының белгісінің енгізілуі орнықты. Бұл жерде кумулятивті аффект деп аталатын физиологиялық аффектінің күрделі бейнеленуі туралы ой қозғалады. Жәбірленушінің жүйелі түрде заңға қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған толық психикаға әсер ететін жағдай кумулятивті аффект кезінде конфликті жағдай арандатушылық сипатқа ие болады, ал ол әрекеттің психологиялық себебі болып табылады.

Психологиялық қатынаста жәбірленушінің әрекеті конфликтілі жағдайдың дамуында кульминациялық сәт болып табылады. Сонымен, эмоционалдық күйде және аффектіге кей кездері тек жәбірленушінің әрекеті (мысалы, қатты қорлауы) ғана емес, сонымен қатар ұзақ психикаға әсер ететін жағдай толығымен әсер етеді.

Жәбірленушінің жүйелі түрде заңға қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психиканы бұзатын жай-күйдің кенеттен пайда болуы. Психологтардың пікірі бойынша, ұзақ мерзімге созылған немесе кері эмоцияны туындататын бірінен кейін бірі орын алып отырған жағдайлар кез келген, соның ішінде дені сау, тіпті ер азаматтардың да жүйке жүйесін қалыпты жағдайдан шығаруы мүмкін.

Бірақ, жан күйзелісі жағдайы жауаптылықты жеңілдететін мән-жай емес. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 98-бабына сәйкес жан күйзелісінің туындау себебі жәбірленушінің күш қолдануы, қорлауы немесе ауыр балағаттауы не өзге де заңға қарсы немесе моральға жат іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасауы. Баптың талабы бойынша жәбірленушінің әрекеті жан күйзелісінің туындауына жеткілікті болуы тиіс. Ауыр жан күйзеліс жағдайының туындауы субъектінің ойында емес, шынайы болуы керек. Басқаша айтатын болсақ, жан күйзелісі субъектіден тәуелсіз материалды болуы қажет, ал күш қолдану, қорлау, ауыр балағаттау және өзге де заңға қарсы әрекеттер (әрекетсіздіктер) кінәліге және оның туыстарына шынайы, ауыр салдар әкелуі тиіс.

Біздің ойымызша, жан күйзелісі жағдайының ұзақтығы келтірілген балағаттаудың күшіне (мөлшеріне) байланысты емес. Бәрімізге белгілі болғандай бір адамда жан күйзелісін туындататын жағдай екінші адамға әсер етпеуі мүмкін. Бір жағдай субъектінің психикалық жағдайына байланысты олардың сана сезімінде әртүрлі бейнеленеді. Сонымен, ауыр жан күйзелісі жағдайында кісі өлтіру (физиологиялық аффект) ауыр аффектогеннің өз әрекеттеріне толық жауап бере алмау кезінде жасалады.

Жәбірленушінің жүйелі түрде заңға қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психиканы бұзатын жай-күй ұзақ мерзім ішінде жәбірленушінің заңға қарсы немесе моральға жат әрекеттер жасауы керектігін білдіреді. Жан күйзелісі жағдайының кенеттен пайда болу белгісі келесідей сипатталады:

а) кінәліге қатысты күш қолдану, қорлау, ауыр балағаттау немесе өзге де заңға қарсы немесе моральға жат іс-әрекеттерді қолдану сипатында туындаған конфликті жағдайының кенеттен туындауы;

ә) қылмыс құрбанының (жәбірленушінің) әрекетіне жауап ретінде кісі өлтіруге қасақаналықтың (тікелей немесе жанама) кенеттен пайда болуы.

Кенеттен пайда болған жан күйзелісі мен жәбірленушінің заңға қарсы әрекеттеріне жауапты реакцияның кенеттілігі нәтижесінде әртүрлі жазықтықта жатқан кенеттен пайда болған жан күйзелісі (психикалық бөлім) және жауапты реакцияның (динамикалық бөлім) қосылуы. Психология тұрғысынан қарастыратын болсақ, жан күйзелісі - адамның бойында кездесетін эмоционалды үрдіс. Жан күйзелісі кенеттен пайда болады, бұл оның физиологиялық ерекшелігі. Психологияда жан күйзелісінің бірнеше түрі кездеседі. Олар: ашу, қаһар, қорқыныш, үрей, өшпенділік, үмітсіздік. Олар аса қауіптіліктен туындайды. Қауіптілік дәрежесі жасанды түрде асырылуы мүмкін. Бірақ ол жан күйзелісінің мазмұнын өзгертпейді.

Қорыта айтсақ, кісі өлтіру ісі бойынша физиологиялық жан күйзелісінің бар жоғын сот — психологиялық сараптаманың қорытындысы және іс бойынша өзге де мәліметтер анықтайды. Бірақ, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 98, 108-баптарына кенеттілік белгісін қосу (енгізу) дәлелдеуге қиын жағдай, сондықтан қателер кездесуі мүмкін. Тәжірибеде жан күйзелісінің кенеттен пайда болу себебі заңға қарсы әрекетке тез арада, тіпті дереу жауап беру керектігі туралы дұрыс түсінбеушіліктен аулақ болу қажет.